

Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 сәуірдегі № 2227 Заң күші бар Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1997.03.05. N 79-І Заңымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_ 1-бабына сәйкес және бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың негізгі құқықтары мен міндеттерін, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қалыптасуы мен қызметінің тәртібін анықтау, сондай-ақ инвесторлардың мүддесін қорғау мен Қазақстан Республикасының экономикасын тиімді жәрдемдесу мақсатында осы Жарлықты шығарамын:

I-Тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Жарлықпен реттелетін қатынастар

Осы Жарлықпен мемлекеттік емес бағалы қағаздарды шығару, барлық бағалы қағаздардың айналысы, бағалы қағаздар нарығының жұмыс істеуі жөнінде пайда болатын қатынастар, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру жөніндегі қатынастар реттеледі.

Осы Жарлықтың күші мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару мен бастапқы орналастыру тәртібіне, бағалы қағаздардың шетел валютасымен айналысы тәртібіне, сондай-ақ осы Жарлыққа сәйкес мемлекеттік тіркеуге жатпайтын бағалы қағаздар шығару тәртібіне қолданылмайды.

Бағалы қағаздар деп танылған вексельдерді, чектерді, банк сертификаттарын, коносаменттерді және басқа да құжаттарды шығару мен айналысқа жіберу ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заң актілерімен немесе оларда белгіленген тәртіппен анықталады.

2-бап. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңдары

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңдары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормаларынан және Қазақстан Республикасының өзге заң актілерінен, осы Жарлықтан, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің актілерінен, Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының осы Жарлықпен белгіленіп берілген өкілеттіктер шегінде шығаратын актілерінен, ал

Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда - басқа да мемлекеттік органдардың өз өкілеттіктері шегіндегі актілерінен тұрады.

Банктер мен банктік емес қаржы мекемелерінің акцияларын алу мен сатудың қосымша негіздемелері мен шарттары банктер және банктік емес қаржы мекемелері туралы қолданылып жүрген заңдармен белгіленеді.<*>

ЕСКЕРТУ. 2-бап жаңа 2 бөлікпен толықтырылды - Қазақстан

Республикасының 1996.12.07. N 50-І заңымен. Z960050_

3-бап. Негізгі ұғымдар

Жарлықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

"Брокер" - бағалы қағаздармен мәміле жасауды шарт негізінде өз клиентінің мүддесі үшін және соның есебінен әрі бұл ретте өз атынан немесе өз клиентінің атынан жүзеге асыратын, сол үшін белгілі бір сыйақы алатын делдал;

"бағалы қағаздардың қайталама нарығы" - алғашқы нарықта қалыптасатын қатынастарды қоспағанда сол бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер енгізілетін, бағалы қағаздар нарығының әр түрлі субъектілері жүзеге асыратын бұрын шығарылған бағалы қағаздар айналысы кезінде қалыптасатын қатынастар;

"мемлекеттік бағалы қағаздар" - ішкі мемлекеттік займ облигациялары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес ішкі мемлекеттік борыш және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздар шегінде шығарылатын басқа да бағалы қағаздар;<*>

"бағалы қағаздар депозитарийлері" - бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушылары құратын мамандандырылған ұйым, оның функциясы бағалы қағаздарды сақтау және оның мүшелері өз клиенттерінің мүддесі үшін осы бағалы қағаздармен жасайтын мәмілелерге техникалық қызмет көрсету (бағалы қағаздарда көрсетілген мүліктік құқықтарды есепке алу мен тіркеу), сондай-ақ лицензиясы болған кезде клирингтік қызметті жүзеге асыру;

"дилер"- бағалы қағаздарды кейіннен қайта сату нәтижесінде пайда алу мақсатымен өз атынан және өз есебінен кәсіби негізде осы бағалы қағаздармен мәміле жасайтын тұлға.

"инвестор" - өз атынан және өз есебінен бағалы қағаздар сатып алатын жеке немесе заңды тұлға;

"котировка" - қор биржасында немесе басқа да ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздардың нарықтық бағасын белгілеу;

"бағалы қағаздар клирингі" - есеп айырысуға қатысатын тараптардың өзара талаптары мен міндеттемелерін есепке алуға негізделген ақшасыз есеп айырысу жүйесі;

"бағалы қағаздардың биржадан тыс котировкалау жүйесі"- бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылардың бірлестігі құратын ұйым, оның Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес заңды тұлға мәртебесі болады және

биржадан тыс нарықта айналысқа түсетін бағалы қағаздарды котировкалау функциясын жүзеге асырады;

"листинг" - қор биржасында немесе басқа да ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жасалатын мәліметтердің мәні болып табылатын бағалы қағаздарға рұқсат ету және олардың есебін алу;

"тәуелсіз тіркеуші" - бағалы қағаздар эмитентімен тиісті шарт негізінде осы эмитенттің бағалы қағаздарын иеленушілердің реестрін жүргізу функциясын жүзеге асырушы мамандандырылған ұйым;

"бағалы қағаздардың айналысы" - бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәміле жасау;

"Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығы" - бағалы қағаздардың айналыс саласы, мұнда бағалы қағаздармен жасалатын мәміле осы мәмілеге қатысушылар белгілеген процедуралармен және шарттармен реттеледі;

"кәсіпқой қатысушылардың бірлестігі" - бағалы қағаздар нарығында Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес құрылған, кәсіпқой қатысушылардың бірлестігі болып табылатын, бағалы қағаздар нарығының бүкіл инфрақұрылымының неғұрлым тиімді жұмыс істеуі үшін жағдай жасау мақсатымен олардың ерікті түрде қатысуы мен мүдделерінің ортақтығы негізінде іс-әрекет жасайтын заңды тұлға;

"бағалы қағаздардың бастапқы нарығы" - бағалы қағаздарды шығару және алғашқы орналастыру процесінде эмитент (немесе бағалы қағаздарды шығарған басқа тұлға немесе оның тапсыруы бойынша бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушысы арасында қалыптасатын қатынастар;

"туынды бағалы қағаздар" - басқа бағалы қағаздар арқылы көрсетілген құнға ие болатын бағалы қағаздар;

"бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушылары" - бағалы қағаздар нарығында қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыру үшін лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалар;

"қор биржасы" - бағалы қағаздардың тұрақты жұмыс істейтін ұйымдастырылған нарығын білдіретін ұйым, мұнда сатушылар мен алармандар бағалы қағаздармен сауда жасау үшін қажет нәрсенің бәрімен (үй-жаймен, жабдықпен және сервиспен) қамтамасыз етіледі, ондай сауда мәміле жасалған сәтте тиісті бағалы қағаздардың болғандығына және тараптардың осы мәмілені жасауға құқылы екеніне кепілдік беретін биржа белгілеген процедураға сәйкес жүзеге асырылады;

"эмиссия" - эмитенттердің бағалы қағаздарды айналысқа шығаруы;

"бағалы қағаздар эмитенті" - өз атынан айналысқа, бағалы қағаздар шығаратын (шығарған) және осы бағалы қағаздар эмиссиясы шарттарын туындайтын міндеттемелерді орындауды міндетіне алатын заңды тұлға.

Ескерту. 3-бабының 4-ші абзацы сөздермен толықтырылды - ҚР

Президентінің 1995.12.05. N 2672 жарлығымен.

4-бап. Бағалы қағаздар нарығының объектілері

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздары нарығының объектілері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шығарылған бағалы қағаздардың түрлері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіп пен шарттар негізінде Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа рұқсат етілген эмитент - елдің заңына сәйкес шығарылған өзге мемлекеттердің бағалы қағаздары болып табылады.

5-бап. Қазақстан Республикасы аумағында айналыста

жүрген бағалы қағаздардың түрлері

Қазақстан Республикасы аумағында бағалы қағаздар нарығындағы айналысқа бағалы қағаздардың мына түрлеріне рұқсат етіледі:

акциялар, облигациялар, банк сертификаттары, вексельдер, ипотека куәліктері және Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның шешімдеріне сәйкес бағалы қағаздар деп танылған бағалы қағаздардың басқа да түрлері, сондай-ақ туынды бағалы қағаздар;<*>

Қазақстан Республикасы аумағындағы айналысқа Қазақстан Республикасының заңдарына көзделген тәртіп пен шарттар негізінде рұқсат етілген, басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар.

Ескерту. 5-бап сөздермен толықтырылды - ҚР Президентінің

1995.12.23. N 2720 жарлығымен.

6-бап. Мемлекеттік тіркеуге жататын бағалы қағаздар

Акциялар, облигациялар және Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының анықтауы бойынша басқа да мемлекеттік емес бағалы қағаздар мемлекеттік тіркеуге жатады.

Мемлекеттік бағалы қағаздардың, шетел валютасындағы бағалы қағаздардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның анықтауы бойынша басқа да бағалы қағаздардың эмиссиясы мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

7-бап. Бағалы қағаздар нарығының субъектілері

Бағалы қағаздар нарығының субъектілері эмитенттер, инвесторлар, бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушылары болып табылады.

8-бап. Бағалы қағаздарда көрсетілген құқықтарды

куәландырудың өзге тәсілдері (құжатсыз

бағалы қағаздар)

Бағалы қағаздар эмитентінің жоғары тұрған басқару органының шешімі бойынша атаулы бағалы қағаздарда көрсетілген құқықтар эмитент құжаттарындағы (реестріндегі) жазумен немесе электронды-есептеу

техникасының (компьютердегі жазудың) көмегімен материалдық сипат берілген бағалы қағаздарды нақты шығармай-ақ куәландырылуы мүмкін.

Мұндай шешім қабылданған жағдайда эмитент осы Жарлықтың 17-бабында белгіленген тіркеу процедурасынан өтуге тиіс.

Эмитент инвесторларының талап етуі бойынша олардың құқықтары бағалы қағаздар болып табылмайтын сертификатпен немесе реестрден алынған үзіндіні расталуы мүмкін. Сертификаттар жасау және реестрден алынған үзіндіні беру жөніндегі тікелей шығындар инвесторлардың есебіне жатқызылуы мүмкін.

Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген тәсілдермен құқықтарды баянды ету бұл құқықтарды жүзеге асыру мен беру үшін жеткілікті болып табылады.

Осы баптың бөлігінде көрсетілген тәсілдермен баянды етілген құқықтарды жүзеге асыру мен беру бағалы қағаздардың депозитарийімен ресми түрде тіркелуге тиіс. Бағалы қағаздардың депозитарийлері ресми жазбалардың сақталуына, олардың құпиялылығын қамтамасыз етіп, осындай жазбалар туралы дұрыс деректер табыс етуге және жүзеге асырылған мәмілелер жайында ресми жазбалар жасауға жауап береді.

Бағалы қағаздар депозитарийлерінің қызметі Қазақстан Республикасының заң актілермен реттеледі.

II Тарау. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар
жөніндегі ұлттық комиссиясы

9-бап. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар
жөніндегі ұлттық комиссиясы

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің құрамындағы орталық мемлекеттік басқару органы болып табылады, ол Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеуді, сондай-ақ нарық жұмысына бақылау жасауды және оған қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін (өзіне берілген өкілеттік шегінде) қорғауды қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының жұмысын қамтамасыз ету үшін оның тұрақты жұмыс істейтін атқарушы аппараты құрылады.

10-бап. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар
жөніндегі ұлттық комиссиясы қызметінің
құқықтық негізі

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі осы Жарлықпен, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітетін ол туралы Ережемен,

Қазақстан Республикасының басқа да заңдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттармен белгіленеді

11-бап. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының мақсаты мен міндеттері

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы бағалы қағаздар нарығын ретте жөніндегі қызметімен Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерге қатысушылардың бәрінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге ықпал жасайды.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін комиссия мынадай міндеттерді орындайды:

бағалы қағаздар нарығының жұмыс істеуін және бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушыларының қызметін реттейді;

бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар шығару мен оның айналысы туралы заңдарын сақтауын бақылайды;

бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылардың қызметін және бағалы қағаздардың айналысы процесін бақылайды;

бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті лицензиялауды жүзеге асырады.

бірегейлендірілген стандарттарды және бағалы қағаздармен жасалатын операцияларды жүзеге асыру ережесін әзірлеп, практикаға енгізеді;

бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың кәсіптік және білім деңгейін көтеру жұмысын ұйымдастырады.

12-бап. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның өкілеттігі

Алдына қойылған міндеттерді орындау үшін Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия:

бағалы қағаздардың шығарылуы мен айналысы саласындағы қатынастарды реттейтін заңдар мен өзге де нормативтік актілердің жобаларын әзірлеу мен сараптауға қатысады;

эмиссияның жалпы көлеміне және бағалы қағаздарды орналастыру тәсіліне карамастан, шетел валютасындағы бағалы қағаздардан басқа, бағалы қағаздардың эмиссиясын тіркеуді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығындағы айналысқа шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарын жібереді (тіркейді);

Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген бағалы қағаздардың жалпы мемлекеттік реестрін жүргізеді;

бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиялар береді;

бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін реттейтін нормативтік актілер шығарады;

бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушыларынан олардың бағалы қағаздарымен атқаратын қызметіне қатысты, сондай-ақ орталық және басқа атқарушы органдардан олардың бағалы қағаздар нарығындағы қызметіне қатысты қажетті ақпарат жинауды жүзеге асырады және осындай ақпаратқа талдау жасайды;

эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметі және бағалы қағаздар шығару туралы жалған, жаңсақ әрі үстірт мәліметтер табыс еткені, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңдарын өзге де бұзушылық анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы эмитентті заңдарда белгіленген жауапкершілікке тарту үшін құқық қорғау, сот және басқа мемлекеттік өкімет органдарына өтініш жасайды;

бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушыларына біліктілік талаптарын әзірлейді;

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы өзіне жүктелген бақылау функциясын жүзеге асыруы үшін қажетті толымды ақпаратты табыс етуді бағалы қағаздар нарығының субъектілерінен талап етеді;

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, оның ішінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының баспасөз органы арқылы халықты өз қызметі жайында хабардар етеді;

бағалы қағаздар тіркеген эмитенттер және олар шығаратын бағалы қағаздардың түрлері туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарына ұдайы жариялап отырады;

бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің бағалы қағаздар нарығындағы өздерінің қызметі туралы ақпаратты оның толымдылығы, дұрыстығы, түсініктілігі, әрі үздіксіздігі талаптарын ескере отырып жариялау тәртібін бақылайды;

бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылар қызметінің өздері алған лицензияларға сәйкестігін тексереді;

бағалы қағаздардың шығарылуы мен айналысы процесінде инвесторлардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде сотқа талап қоя алады;

отандық және шетелдік мамандарды консультанттар және сарапшылар ретінде жұмысқа тартады;

бағалы қағаздар нарығына қатысушыларды оқытатын ұйымдарға арналған білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі қызметті үйлестіреді;

өзінің атқарушы аппаратының аймақтық бөлімшелерін құрады;

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары негізінде бағалы қағаздар нарығындағы қызметті реттеу және оның субъектілерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі басқа да өкілеттікті жүзеге асырады.

13-бап. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының нормативтік актілері

Қазақстан Республикасы заңдарының негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы бағалы қағаздар нарығындағы қызметті реттеу мәселелері бойынша бағалы қағаздар нарығының барлық субъектілерінің орындауы үшін міндетті нормативті актілер шығарады.

14-бап. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының құрамы, оның Төрағасы мен мүшелерін тағайындау және босату

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Қазақстан Республикасының заңдарымен Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияға жүктелген барлық толымды өкілеттігі мен жауапкершілігі бар Төрағадан және комиссияның төрт мүшесінен тұрады. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының Төрағасы мен мүшелерінің бағалы қағаздар нарығын реттеу саласында шешімдер қабылдау жөнінде бірдей мәртебесі және тең құқығы бар. Комиссия Төрағасына ұйымдастыру сипатындағы функция қосымша жүктеледі.

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының Төрағасы мен мүшелерін Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің ұсынысы бойынша бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының Төрағасы мен мүшелері өз функциясын кәсіптік негізде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының Төрағасы мен мүшелеріне комиссияның алдына қойылған міндеттерді орындау жөніндегі қызметті ғылыми, шығармашылық және оқытушылықтан басқа қызмет түрлерімен қоса атқаруға тыйым салынады.

15-Бап. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының мәжілістері және шешімдер қабылдау тәртібі

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының мәжілістері қажетіне қарай, бірақ айында кемінде екі рет өткізіледі.

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының шешімдері комиссия мүшелерінің үш дауыстан кем болмауға тиіс көпшілік дауысымен қабылданады.

Шешімдер қабылдаған кезде Төрағаның және комиссияның әрбір мүшесінің бір шешуші дауысқа ғана құқығы бар.

Комиссияның бір мүшесінің дауыс беруге қатысу жөніндегі өкілеттігін екіншісіне беруіне жол берілмейді.

16-бап. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы аппаратының аймақтық бөлімшелері

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы атқарушы аппараттың өзіне бағынатын аймақтық бөлімшелерін құра алады.

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы оларды құру туралы шешімдерге белгіленген өкілеттіктерді атқарушы аппараттың аймақтық бөлімшелеріне жүктеуге құқылы.

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы жұмыс аппаратының аймақтық бөлімшелерін құру қажеттігінің негізгі өлшемі шаруашылық және кәсіпкерлік қызметті шоғырландыру болып табылады.

III Тарау. Тіркеуге жататын бағалы қағаздарды тіркеудің, эмиссиясының және айналысының тәртібі

17-бап. Тіркеуге жататын бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу тәртібі

Эмитенттің Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы тіркеген сәттен бастап тіркеуге жататын бағалы қағаздар (бұдан әрі - бағалы қағаздар) шығаруға құқы бар. Бағалы қағаздарды мемлекеттік тіркеу эмиссияның жалпы көлеміне және орналастыру тәсіліне қарамастан жүргізіледі.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен басқа ұйымдардың бағалы қағаздар эмиссиясын, эмиссия сомасына қарамастан тіркеуді құжаттары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде сараптамадан өткен соң Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы жүзеге асырады, мұның өзі осындай сараптаманың өткізілгенін растайтын құжатпен куәландыруға тиіс. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне сараптама өткізу мерзімі қажетті құжаттар берілген сәттен бастап 30 күннен аспауға тиіс.

Аталған тәртіп бұзылған жағдайда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен басқа ұйымдардың бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу жарамсыз деп есептеледі.

Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу ережесін Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы белгілейді.

Бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына қажетті құжаттарымен бірге өтініш берілген сәттен бастап 30 күннен кешіктірілмей жүргізілуі керек.

Белгіленген тәртіп бұзылған немесе ұсынылған құжаттар заң талаптарына сәйкес келмеген жағдайда ғана тіркеуден бас тартуға болады.

Акционерлік қоғам заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен сәтінен бастап үш айдан кешіктірмей акциялар эмиссиясын тіркеуден өткізуге және эмиссияның мемлекеттік тіркеу нөмірін алған күннен бастап, бір жылдан аспайтын мерзімде оларды шығаруды орналастыруға міндетті.

Одан кейінгі эмиссияларды орналастыру мерзімі оларды мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап алты айдан аспауға тиіс.

Бұл талаптарды бұзған жағдайда эмитент Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

Банктер мен банктік емес қаржы мекемелерінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жаңа инвесторға кейіннен дереу сату мақсатында Ұлттық Банкке қолданылып жүрген заңдармен берілген өкілеттіктер шегінде мәжбүрлеп сатып алған акцияларын иелену құқықтарының өзгеруіне есеп жүргізілуі және оларды мемлекеттік тіркеудің тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының нормативтік актілерімен белгіленеді.<*>

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы бағалы қағаздардың мемлекеттік реестрін жүргізеді.

Мемлекеттік реестрге енгізілмеген бағалы қағаздар эмиссиясы заңсыз болып табылады және олардың иелерінен алынуына, бағалы қағаздарды сату түсімінің эмитенттен алынып, бағалы қағаздардың бұрынғы иелеріне қайтарылуына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де санкциялардың қолданылуына әкеп соғады.

ЕСКЕРТУ. 17-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1996.12.07. N 50-І заңымен.

18-бап. Бағалы қағаздарды орналастыру тәсілдері

Бағалы қағаздарды орналастыру мынадай тәсілдермен:

бағалы қағаздар эмитент құрылтайшыларының немесе саны елуден аспайтын күні бұрын белгілі бір адамдар тобы арасында ғана орналастырылатын жабық тәсілмен;

бағалы қағаздар күні бұрын белгіленбеген тұлғалардың арасында орналастырылатын ашық тәсілмен жүзеге асырылады.

19-бап. Бағалы қағаз иелерінің реестрі

Инвесторлардың кез-келген белгіленген мезгілдегі жағдайға қарай жасалған және осы инвесторлар мен оларға тиесілі бағалы қағаздар санын теңдестіруге мүмкіндік беретін тізім бағалы қағаз иелерінің реестрі болады.

Бағалы қағаздар иелерінің реестрін эмитенттің өзі жүргізеді ал 500 және одан да көп акционерлері бар акционерлік қоғамдарда - эмитенттің тәуелсіз тіркеушімен жасаған шарты бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Бағалы қағаздарды құжатсыз түрде шығару нысаны туралы шешім қабылдау және бағалы қағаздар тіркеушіні таңдап алу эмитенттің жоғары басқару органының құзырына жатады.

Бағалы қағаздарды иеленушілер реестрін жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы белгілейді.

20-бап. Бағалы қағаздарға жаппай ашық жазылу туралы хабарлама

Бағалы қағаздар эмиссиясы тіркелген соң эмитент жаппай ашық жазылу туралы хабарлама таратады.

Хабарламада баяндалатын және хабарландыруда жарияланатын мәліметтер эмитенттің нақты қаржылық жағдайын көрсетуге тиіс.

Хабарламадағы мәліметтердің мерзімінің өткендігі әрі кеткенде алты айдан аспауы керек.

Бағалы қағаздар туралы хабарламаны эмитент жеке брошюра (проспект) түрінде шығарады.

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы осы баптың ережелерін нақтылайтын нормативтік актілерді әзірлеп бекітеді, бұларда бағалы қағаздар эмиссиясы проспектісінің түрі мен мазмұны, оның ұсынылу және жариялану мерзімдері, жарияланған хабарда міндетті түрде болуға тиіс мәліметтердің тізбесі айқындалады. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырушы банктер мен басқа ұйымдар үшін жоғарыда аталған нормативтік актілер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісуі бойынша бекітіледі.

Бағалы қағаздар эмиссиясының проспектісіне қол қойған лауазымды адамдар проспектідегі мәліметтердің дұрыстығы, үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі заңдарында белгіленетін бағалы қағаздар эмиссиясының тәртібі мен ережелерінің сақталуы үшін жауап береді.

Ашық сатуға ұсынылатын бағалы қағаздар бұқаралық ақпарат құралдарында бағалы қағаздарды ашық сату туралы мәліметтер жарияланған күннен бастап бір ай өткен соң ғана орналастыруға жіберіледі.

Бағалы қағаздарға жазылуды жүргізу кезеңінде, бағалы қағаздардың ашық сатылуы туралы бастапқы берілген мәліметпен салыстырғанда, істің шын мәнінде инвестициялардың материалдық мүдделерін айтарлықтай қозғайтын қандай да бір өзгерістер бола қалған жағдайда, эмитент бұл өзгерістерді Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясында, ал эмитент банк болған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде эмиссияның өзгертілген проспектісін тіркеуге, сондай-ақ өзгерістер туралы жазушыларға хабарлауға міндетті.

21-бап. Бағалы қағаздарды тіркеуден бас тарту және
бағалы қағаздардың эмиссиясын кідірту

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы мынадай жағдайда:

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары бұзылған бағалы қағаздар шығару туралы жаңсақ мәліметтері бар хабар берілген;

жазылу барысында эмиссия шарттарын едәуір өзгертетін және инвесторларға қосымша хабарлауды талап ететін жаңа ақпараттар түскен;

эмиссияның тіркелген көлемі артып кеткен жағдайда бағалы қағаздарды тіркеуден бас тартуға және шығаруды кідірте тұруға құқылы.

Бағалы қағаздар эмиссиясының тиімсіздігі жөніндегі желеумен тіркеуден бас тартуға жол берілмейді.

Бағалы қағаздар эмиссиясын кідірте тұрған жағдайда эмитент анықталған тәртіп бұзушылықты жоюға міндетті, бұдан кейін эмиссия Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының арнайы жазбаша рұқсаты бойынша жалғастырылады.

Бағалы қағаздар эмиссиясын кідірілген жағдайда Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы шешім шығарылған күннен бастап бір ай мерзім ішінде жалпыға мәлім ету үшін бұл туралы хабарлама береді.

Бағалы қағаздарды тіркеуден бас тарту, сондай-ақ олардың эмиссиясын кідірте тұру туралы шешімдер жөнінде сотқа шағым берілуі мүмкін.

22-бап. Бағалы қағаздар эмиссиясы мен орналастырылуының
қорытындысы туралы есепті бекіту

Бағалы қағаздарды орналастыру мерзімі аяқталғаннан кейін бір ай ішінде эмитент Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына эмиссияның және орналастырудың қорытындысы туралы есеп беруге міндетті.

Банктер мен басқа да кредит мекемелері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сараптамасы бар бағалы қағаздар орналастырудың қорытындылары туралы есеп береді.

Егер бағалы қағаздар эмиссиясының қорытындысы туралы есеп берілген күннен кейінгі келесі күннен бастап 14 күн ішінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның эмиссия болмаған деп танылады деген хабары алынбаса, онда мұндай эмиссия болған ретінде саналады.

Бағалы қағаздар эмиссиясының қорытындысы туралы есепке қол қойған лауазымды адамдар ондағы деректердің дұрыстығы үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауап береді.

23-бап. Эмитенттің шаруашылық қызметіндегі өзгерістер туралы ақпарат

Эмитент бес жұмыс күні ішінде егер соңғы жылдың хабарламасында бұл өзгерістер жөнінде мәліметтер немесе сілтемелер жасалмаған болса, өзінің шаруашылық қызметінде болған, инвесторлардың материалдық мүдделерін айтарлықтай қозғайтын өзгерістерге қатысты ақпаратты Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына жіберуге міндетті. Мұндай ақпаратта ең алдымен мынадай мәліметтер болады:

- басшы қызметкерлердің жеке құрамын өзгерту туралы;
- эмитенттің банктік шотына тыйым салу туралы;
- қаржылық сауықтыру немесе тарту жөніндегі іс-қимылдың басталуы туралы;
- қызметтің кідірілуі немесе тоқтатылуы туралы;
- эмитенттің қайта ұйымдастырылуы туралы;

төтенше жағдайлардың салдарынан мүліктің кемінде он процентінің жойылғаны туралы;

жарғылық қордың 30 процентінен асатын мөлшерде кредит алғаны немесе бағалы қағаздар эмиссиясы туралы;

инвесторлардың материалдық мүдделеріне қатысты өзге мәліметтер.

Инвесторлардың материалдық мүдделерін айтарлықтай қозғайтын бұрыс ақпарат жариялаған жағдайда, эмитент осы Жарлықтың 24-бабына сәйкес жауап береді.

24-бап. Эмитенттің бағалы қағаздар эмиссиясы проспектісінде және қаржылық-шаруашылық қызметі туралы өзге құжаттарда жалған, жаңсақ немесе үстірт мәліметтер бергені үшін жауапкершілігі

Егер бағалы қағаздар эмиссиясының проспектісінде, сондай-ақ бағалы қағаздар эмитентінің қаржы-шаруашылық қызметі туралы өзге хабарламада инвесторлардың материалдық мүдделерін айтарлықтай қозғайтын жалған, жаңсақ немесе үстірт мәліметтер болса, онда эмитент келтірген зияны үшін бағалы қағаздар иеленушілер алдында толығымен материалдық жауап береді.

Бағалы қағаздар эмиссиясының проспектісінде немесе эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметі туралы ақпаратта жалған, жаңсақ немесе үстірт мәліметтер бергені немесе жарияланғаны арқылы бағалы қағаз иелеріне келтірген зияны үшін эмитенттің жауапкершілігін шектейтін бағалы қағаздарды иеленушілер мен эмитент арасындағы кез келген келісім жарамсыз деп саналады.

Өз қызметін кежірлікпен жарнамалап жүрген бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушы Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының, сондай-ақ өзге құзырлы мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша бұл туралы құлақтандыру алған сәттен бастап 15 күн ішінде жоғарыда аталған кемшіліктерін жоюға міндетті, әйтпесе ол Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

25-бап. Бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер

Бағалы қағаздармен мәмілелер қайталама нарық саудаластығында кәсіпқой қатысушылардың (дилердің) өз атынан және есебінен немесе клиенттің (инвестор) атынан және оның есебінен бағалы қағаздарды сатып алуға немесе сатуға өтініш беру жолымен, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіпке сәйкес тікелей мәмілеге қатысушылардың арасында жасалуы мүмкін.

Кәсіпқой қатысушы өз клиенттерін жасалған мәміленің нәтижелері туралы хабардар етуге міндетті.

Кәсіпқой қатысушылар клиенттер есебінен мәмілелерді тек клиент осылар орындалған жағдайда ғана мәміле жасалуы мүмкін деп есептейтін барлық қажетті шарттар көрсетіле отырып, жасалған шарттың негізінде ғана жүргізе алады.

Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тікелей осы Жарлықтың 26-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес бағалы қағаздармен жасалған барлық операцияларға салық салынуға тиіс.

Бағалы қағаздармен мәмілелер жасаудың және оларды тіркеудің ережелерін сақтамағаны үшін кәсіби қатысушыларды бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына деген лицензиядан Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы айыруы мүмкін.

Капиталының теріс мөлшері бар банктер мен банктік емес қаржы мекемелерінің бағалы қағаздармен мәмілелерінің ерекшелігі және оларға қатысушы тұлғалардың шеңбері банктер мен банктік емес қаржы мекемелері туралы қолданылып жүрген заңдармен белгіленеді.<*>

ЕСКЕРТУ. 25-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының

1996.12.07. N 50-I заңымен.

26-бап. Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу

Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер тіркелуге тиіс. Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуді осы эмитентті бағалы қағаздар ұстаушылардың реестріне тиісті жазу арқылы енгізу жолымен немесе шарт негізінде тәуелсіз тіркеуші жүзеге асырады. Осы эмитенттің тиісінше бағалы қағаздар ұстаушылардың реестріне жазылған сәті бағалы қағазға меншік құқығының ауысу сәті болып табылады. Тараптардың тікелей жасасқан мәмілелерін тараптардың өз өтініштерінің негізінде эмитент немесе тәуелсіз тіркеуші тіркейді.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылардың қызметін пайдалана отырып депозитарийдің делдалдығымен жасалған мәмілелер депозитарий осы эмитентті бағалы қағаз ұстаушылардың тізбесіне тіркеген сәттен бастап жарамды деп саналады. Депозитарийдің эмитентпен немесе тәуелсіз тіркеушімен қарым-қатынастары олардың арасындағы тиісті шартпен реттеледі.

IV Тарау. Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет

27-бап. Бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылар

Осы Жарлықпен 28-бабында көрсетілген қызмет түрлерінің бірін жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалар бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылар болып табылады. Кешенді лицензиялар брокерлік және дилерлік қызметті бір мезгілде жүзеге асыруға, сондай-ақ депозитарийлік және клирингтік қызметті жүзеге асыруға беріледі.

Қор биржаларынан басқа бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылар бағалы қағаздар нарығындағы қызметті үйлестіру және өздерінің ортақ мүдделерін, сондай-ақ атынан өздері іс-қимыл жасайтын инвесторлардың мүдделерін білдіру мақсатымен заңды тұлға мәртебесі бар кәсіпқой қатысушылардың бірлестіктерін құра алады.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылар бірлестігі Қазақстан Республикасының өздерінің мәртебесін айқындайтын заң актілерінің негізінде және шеңберінде оның қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асыру мәселелерін, сондай-ақ бірлестік мүшелерінің өзара қарым-қатынасын дербес реттейді.

Кәсіпқой қатысушылар бірлестігіне кіретін кәсіпқой қатысушылар өздерінің заңдық және шаруашылық дербестігін сақтайды.

Кәсіпқой қатысушылар бірлестігі коммерциялық емес ұйым және бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушы болып табылады, оның қызметіне осы Жарлықтың талаптары қолданылады.

28-бап. Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің түрлері

Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің мынадай түрлері жүзеге асырылады:

делдалдық - кәсіпқой қатысушының тапсырма немесе комиссия шарттары негізінде іс-қимыл жасайтын сенім білдірілген адам немесе комиссионер ретінде бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауы;

дилерлік - үшінші адамға қайта сату үшін кәсіпқой қатысушының өз атынан және өз есебінен бағалы қағаздармен азаматтық - құқықтық мәмілелер орындауы;

депозитарлық - депозитарий мүшелері мен оның клиенттеріне тиесілі бағалы қағаздарды сақтау мен есепке алу жөніндегі, сондай-ақ осы бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға техникалық қызмет көрсету жөніндегі функцияларды жүзеге асыру;

бағалы қағаздар бойынша клирингтік қызмет - Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясымен алдын ала келісе отырып Қазақстан Республикалық Ұлттық Банкі лицензия берген бағалы қағаздармен мәмілелерді жүзеге асыруға байланысты өзара міндеттемелерді айқындау жөніндегі қызмет;

басқа инвесторларға тиесілі бағалы қағаздардың портфелін басқару жөніндегі қызмет;

эмитенттердің бағалы қағаздарын ұстаушылардың реестрін жүргізу жөніндегі қызмет;

инвесторларға тиесілі бағалы қағаздарды сақтау жөніндегі заңды тұлғалар (бағалы қағаздарды сақтау жөніндегі қызметін Қазақстан Республикасының банк заңдары реттейтін банктерден басқасы) жүзеге асыратын қызмет;

биржадан тыс бағалы қағаздар - нарығының котировка жүйесінің қызметі;

кәсіби қызметтің басқа да түрлері (Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының белгілеуі бойынша.)

Бағалы қағаздар нарығындағы банктер қызметі Қазақстан Республикасындағы банк қызметін реттейтін заңдарға, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының нормативтік актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздар нарығында жұмыс істейтін инвестициялық қорлардың, депозитарийлер мен клирингтік ұйымдардың қызметі Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының нормативтік актілерімен реттеледі.

29-бап. Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті
лицензиялау

Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы беретін лицензиялардың негізінде

занды және жеке тұлғалар жүзеге асырады. Бағалы қағаздар бойынша клирингтік қызмет бұған кірмейді.

Осы Жарлықтың 27-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген жағдайлардан басқасында лицензия бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің бір түрін жүргізуге берілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында лицензия берудің ерекше жағдайлары көзделуі мүмкін.

Лицензия берілгені үшін алым алынады, оның мөлшері мен төлену тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

30-бап. Бағалы қағаздар нарығында мәмілелерді жүзеге асыруды шектеу

Бағалы қағаздар нарығында кәсіпқой қатысушылардың, инвестициялық қорларды қоспағанда, тіркеуге жататын бағалы қағаздардың эмиссиясы, айналысы және айналыстан алынуы кезінде;

жарғылық қорының бес процентінен астамы тікелей немесе жанама түрде бағалы қағаздар нарығының аталған кәсіпқой қатысушысына тиесілі эмитенттермен;

жарғылық қорының бес процентінен астамы тікелей не жанама түрде бағалы қағаздар нарығының аталған кәсіпқой қатысушысына тиесілі бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысушыларымен;

бағалы қағаздар нарығына аталған кәсіби қатысушының жарғылық қорының бес проценттен астамы тікелей немесе жанама түрде соларға тиесілі бағалы қағаздар нарығына өзге де кәсіби қатысушылармен мәмілелерді жүзеге асыруға құқығы жоқ.

Бағалы қағаздар нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға лицензия алған адамдардың, егер аталған мәмілелерді жасау олардың клиенттерінің мүдделеріне қайшы келетін болса, бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға құқы жоқ.

Бағалы қағаздармен кәсіби қызметті жүзеге асырудағы өзге де шектеулерді Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының белгілеуі мүмкін.

Қызмет ақпаратқа ие адамдардың бас пайдасын көздеу мақсатында немесе оны үшінші біреуге беру үшін осы ақпаратты пайдалана отырып, мәмілелер жасауға құқы жоқ.

Осы талапты бұзған адамдар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауап береді.

Осы Жарлықтың мәні бойынша өзінің қызмет бабындағы жағдайына, эмитентпен жасасқан еңбек міндеттемелеріне немесе шарттарына орай эмитент және ол шығарған бағалы қағаздар туралы ақпаратқа ие адамдарға бағалы

қағаздар нарығының басқа субъектілерімен салыстырғанда артықшылықты жағдай туғызатын, көпшіліктің қолы жетпейтін кез келген ақпарат қызметтік ақпарат деп танылады.

Қызметтік ақпаратты иеленуші адамдарға мыналар жатады:

эмитенттің басқару органдарының мүшелері немесе осы эмитентпен шарт арқылы байланысты бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушы;

эмитенттің немесе эмитентпен шарт арқылы байланысты бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушының аудиторлары;

бақылау, қадағалау және өзге өкілеттіктеріне орай аталған ақпараттарға қолы жететін мемлекеттік органдардың қызметкерлері.

V Тарау. Қор биржасы

31-бап. Қор биржасы ұғымы және оның құқықтық жағдайы

Қор биржасы (бұдан әрі - биржа) акционерлік қоғам нысанында жұмыс істейтін заңды тұлға болып табылады.

Биржаның негізгі міндеттері бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздармен сауда жасауды, олармен жасалған мәмілелердің кепілдігін ұйымдастыру, бағалы қағаздардың тиімді айналысын, қаржы ресурстарын қайта бөлуге қажетті жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады.

Биржа өз міндеттерін жүзеге асыру үшін:

бағалы қағаздар нарығында айналыста жүрген бағалы қағаздармен сауда жасауды ұйымдастырады;

өз мүшелеріне ұйымдық, ақпараттық, консультациялық және құқықтық қызметтер көрсетеді;

бағалы қағаздардың құнын белгілеуді жүзеге асырады;

өзінің талдама зерттеулерін жүргізеді;

бағалы қағаздар нарығындағы құқықтық қатынастар субъектілерінің арасында өзара есеп айырысуларға (клиринг) заңда көзделген тәртіппен және шарттарға сәйкес жәрдем жасайды.

Биржа өз қызметінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет органдарынан тәуелсіз.

Биржаның қызметі өзін-өзі өтеуге негізделеді. Биржаның табысы оның өз міндеттерін жүзеге асыруына байланысты шығындарын өтеуге әрі биржаны техникалық және әлеуметтік тұрғыда дамытуға жұмсалады.

Қор биржалары ретінде тіркелмеген шаруашылық жүргізуші субъектілер қор биржасының міндеттерін атқара алмайды.

Қор биржасының тауар биржасының міндеттерін атқаруға құқы жоқ.

32-бап. Қор биржасын құру және тіркеу

Заңды және жеке тұлғалар қор биржасының құрылтайшылары бола алады.

Биржаның жарғылық қорының ең төменгі мөлшері биржа құрылған және оның жарғылық қоры қалыптасқан сәттегі Қазақстан Республикасында белгіленген ең төменгі еңбекақының он мың мәртесінен кем болмайды.

Биржаны тіркеу қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Бағалы қағаздармен биржалық қызметті жүргізу құқына лицензия беру тәртібін, мұндай лицензиялардың қолданылуын кідірте тұру және оларды кері қайтарып алу тәртібін Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы белгілейді.

Жаңадан құрылып жатқан қор биржаларының қызметін лицензиялау осы биржалар бір эмитенттің бағалы қағаздармен жасаған мәмілелерінің бір қор биржасында шоғырлануын сақтауды қамтамасыз еткен жағдайда жүзеге асырылады.

Егер құрылтай құжаттары мен биржалық сауда ережесі осы Жарлыққа және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес келетін болса, бағалы қағаздармен биржалық қызмет жүргізуге лицензияны өтініш берілген күннен бастап отыз күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы береді.

33-бап. Биржаға мүше болу

Биржа жарғысының талаптарын орындайтын, бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылар болып табылатын заңды және жеке тұлғалар биржаның мүшелері бола алады.

Қор биржасының кемінде үш мүшесі болуға тиіс. Осы бапта белгіленген талаптарға жауап беретін шетелдік заңды және жеке тұлғалар да биржаның мүшелері бола алады.

Биржаның мүшелігіне қабылдау туралы шешімді биржа кеңесі қабылдайды.

34-бап. Биржаны басқару

Биржаның басқару органдары, олардың функциялары мен құқылылығы, құрылу және шешім қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының қызметкерлері, сондай-ақ бағалы қағаздары биржада бағаланатын кәсіпорындардың бірінде болса да басшылық лауазымға ие адамдар биржаның басқару органдарына сайлана алмайды.

35-бап. Биржа кеңесі (байқау кеңесі)

Биржа кеңесі басқарманың қызметін бақылауды жүзеге асырады, жарғыда көзделген өзге де міндеттерді орындайды.

Биржа кеңесінің мүшелері биржаның құрылтайшылары мен басқа да мүшелерінің, оның лауазымды адамдарының ішінен, сондай-ақ биржа

акционерлерінің ішінен сайланады. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия биржа кеңесінің сайлау процедураларына қатысты қосымша жағдайларды; биржа кеңесінің мүшелері сайланатын мерзімдер мен олардың мерзімінен бұрын кері шақырып алу тәртібін; биржа кеңесі мүшелерінің санын белгілейді.

36-бап. Биржа алатын жарналар мен алымдар

Ақшалай жарналар мен алымдарды биржа мынадай жағдайларда алады:

биржаға мүше болғаны үшін;

биржаның мүлкін пайдаланғаны үшін;

бағалы қағаздарды листингке қосқаны үшін;

биржалық мәмілені тіркегені және ресімдегені үшін;

жарғыда, биржалық сауда ережелерінде, биржаның регламентінде көзделген өзге жағдайларда.

37-бап. Биржаның табысы

Биржаның табысы:

жарналар мен алымдар;

қор биржасының мүшелігіне кіруге құқық беретін оның акцияларын сату;

биржаның жарғысында көзделген ақпараттық, консультациялық, және өзге де қызметтер көрсетуден алынған қаражат есебінен құралады.

38-бап. Биржалық мәмілелер

Бағалы қағаздардың биржалық саудасына қатысушылар арасында тіркелген биржалық шарт биржалық мәміле болып табылады. Осы қор биржасында бағалы қағаздармен жасалған барлық биржалық мәмілелер осы Жарлықтың 26-бабында белгіленген тәртіпке және осы биржада қолданылып жүрген биржалық сауда тәртібіне сәйкес тіркелуге және рәсімделуге тиіс.

Биржалық сауда ережесін биржа басқармасы белгілейді және оны Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының бекітуге тиіс. Биржалық сауда ережесі кәсіпқой қатысушылардың қызметін тек биржаның ішінде ғана реттейді. Қор биржасының биржадан тыс бағалы қағаздар нарығындағы кәсіпқой қатысушылардың қызметін реттеуге құқығы жоқ.

Ережеде мынадай қағидалар болуға тиіс:

биржада сауда жүргізу тәртібі; биржада жасалатын мәмілелердің түрлері, оларды тіркеу және есепке алу тәртібі;

бағалы қағаздардың нарықтық құнын қалыптастыру тәртібі (котировка);

котировка туралы мәліметтерді жариялау тәсілі;

есеп айырысу тәртібі мен тәсілдері;

сауда өткізу уақыты мен орны;

биржалық саудаға қатысушылардың арасындағы биржалық мәмілелер жөніндегі дауларды шешу тәртібі;

бағалы қағаздарды биржада құнын белгілеуге жіберу тәртібі;

биржа айыппұл өндіріп алатын жолсыздықтар тізбесі, айыппұлдың мөлшері мен оны өндіріп алу тәртібі;

алымдардың, тарифтердің, басқа төлемдердің мөлшері, биржаның оларды өндіріп алу тәртібі;

биржалық саудаға қатысушылардың тобы, олардың құқықтары мен міндеттері;

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының нормативтік актілеріне сәйкес басқа да талаптар.

Қор биржасында айналысқа рұқсат етілген бағалы қағаздар мәміле жасаушы тараптар осы биржаның мүшелері болып табылатын мәмілелердің ғана нысаны болып табылады. Мұндай бағалы қағаздар сонымен бірге осы бағалы қағаздарды ұстаушылар (дилерлерден басқа) және басқа инвесторлар арасындағы (қандай да бір делдалдардың қатысуынсыз) мәмілелердің дәл нысанасы бола алады.

39-бап. Биржалық мәмілелерге қатысушылар

Биржалық саудаға биржа мүшелері мен биржалық сауданың жарғысында немесе ережесінде белгіленген тәртіппен қатысуға рұқсат етілген басқа да адамдар қатысады.

Дилерлер мен брокерлер қор биржасында биржалық сауда ережелеріне сәйкес бағалы қағаздармен мәмілелерді жүзеге асырады.

Биржада биржа кеңесі құнын биржада белгілеуге рұқсат еткен бағалы қағаздармен мәмілелер жасалады.

40-бап. Қор биржасында котировка жасалатын бағалы қағаз эмитенттерінің міндеттері

Биржада котировка жасау үшін қабылданған бағалы қағаздардың эмитенттері :

бағалы қағаздарды сақтау және есеп жүргізу үшін депозитарийге салуға;

өзінің шаруашылық қызметіне және қаржылық жағдайының өзгеруіне қатысты барлық фактілер туралы, сондай-ақ құнын белгілеу үшін қабылданған бағалы қағаздардың бағамын өзгеруіне әсер етуі мүмкін басқа да барлық фактілер туралы инвесторлар мен биржа кеңесіне (немесе ол уәкілдік берген органға) уақытылы хабарлауға;

егер шаруашылық қызметі мен қаржылық жағдайына қатысты фактілердің осы бағалы қағаздар бағамының өзгеруіне әсер етуі немесе оларды шығарған кезінде эмитенттің өзіне алған міндеттемелерін толық орындалуының мүмкін еместігіне әкеліп соғуы ықтимал болса, фактілердің бәрін биржа кеңесіне кідіріссіз хабарлауға және қор биржаларының баспасөз басылымында жариялауға;

өзінің шаруашылық қызметі мен қаржылық жағдайы туралы соңғы есебін жариялаған сәттен бастап оларда болған барлық өзгерістер туралы жылына кемінде екі рет есебін жариялап отыруға міндетті.

Егер эмитент осы баптың ережелерін орындамаса, биржа кеңесі эмитентке оның бағалы қағаздарының биржа листингінен шығарылып тасталуы мүмкін екендігі туралы ескертеді және осы ескертуді биржалық бюллетеньде жариялайды.

Егер эмитент биржа кеңесінің ескертуінен кейін осы бапта көзделген міндеттерді орындамаса, биржа кеңесі бағалы қағаздардың құнын белгілеуді кідірте тұруға немесе осы бағалы қағаздарды биржа листингінен шығарып тастау туралы шешім қабылдау жөнінде басқармаға ұсыныс жасай алады.

41-бап. Биржада бағалы қағаздармен жасалатын
мәмілелер туралы ақпаратты жариялау

Мерзімді шығып тұратын биржалық бюллетеньде өткен айда жасалған мәмілелер бойынша жалпы статистикалық мәлімет, биржалық сауда Ережесіндегі өзгерістер, биржа кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер және биржа мен оның клиенттерінің коммерциялық құпиясы жоқ басқа ақпарат болуға тиіс.

42-бап. Биржаның жауапкершілігі

Биржа бағалы қағаздар нарығының субъектісіне келтірілген залалдың орнын толтырады және ол өзінің қызметтерін немқұрайды атқарған, осы жарлықты биржаның жарғысын, биржалық сауда ережесін бұзған немесе коммерциялық құпияны жария еткен жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауап береді.

43-бап. Биржаның қосалқы құрылымдары

Биржаның бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге қызмет көрсететін қосымша құрылымдық бөлімшелер құруға құқығы бар.

44-бап. Қор биржасының қызметін тоқтату

Қор биржасы:

биржа мүшелері жалпы жиналысының шешімі бойынша;
сот органдары шешімінің негізінде;

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы биржалық қызметке бұрынырақ берілген лицензияны қайтарып алған жағдайда өз қызметін тоқтады. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының бұрын берілген лицензияны қайтарып алу туралы шешіміне сот тәртібі бойынша шағым жасалуы мүмкін.

VI Тарау. Қорытынды ережелер

45-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық
шарттар мен конвенцияларға қатысуы

Егер Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шартта осы Жарлықта көзделген ережелерден өзге ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

46-бап. Осы Жарлықтың күшіне ену тәртібі

Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді, бұған мемлекеттік меншік үлесі бар банктер эмиссиясы проспектісін тіркеу бөлігіндегі ережелері 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 17-баптың екінші бөлігі кірмейді. 1996 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңге осы тіркеудің бұрынғы тәртібі сақталады.

Қазақстан Республикасының
Президенті